



Қалмағанбетов Тоқтар

1920 жылы Қостанай облысы Аманкелді ауданына қарасты Социал ауылында туған. Әке-шешесінен ерте айрылып, ағайындардың ортасында жетім өскен. 1940 жылдың тамыз айында әскер қатарына шақырылған. 24-теміржол полкі құрамында қатардағы жауынгер болған. Германияны жеңгеннен кейін милитаристік Жапониямен болған соғысқа қатысып, 1948 жылдың 24 наурызында елге оралған. Біраз жыл бойы қалалық сауда-тамақтандыру мекемесінде жүк тасушы болады. Соғыстағы ерлігі үшін «Отан соғысы» орденімен, «Ерлігі үшін», «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін», «Жапонияны жеңгені үшін» медальдарымен марапатталған. 84 жасында қайтыс болған.

